

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
FACULTY OF PHILOLOGY AND WORLD LANGUAGES

**«ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ҚАЗІРГІ ЗАМАН  
КЕҢІСТІГІНДЕ: ТАНЫМ, МӘДЕНИЕТ,  
КОММУНИКАЦИЯ»**

*ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ  
15-16 МАМЫР 2020*

**«KAZAKH LINGUISTICS IN THE MODERN  
WORLD: COGNITION, CULTURE,  
COMMUNICATIONS»**

*MATERIALS INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
MAY 15-16 2020*

АЛМАТЫ  
2020

### ҰЛТТЫҚ ТІЛДІҢ ЖАУҒАРЛАРЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҒАЛЫМ

**Алтынай Тымболова**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор м.а.  
Алматы қ., Қазақстан*

Дүниедегі барша ғылымның бастауы, түпнегізі, тіні, дінгегі – тіл деуге болады. Тіл – ұлттың бүтін бір құндылығы. Тіл үшін күрес те – ғарасат алаңы... Мылтықсыз майдан... Демек, тіл білімі дейтін ғылымның тізгінін ұстап жүрудің өзгеше бір қиындығы бар. Сондықтан тіл атты рухани байлықтың кәусарынан қанып ішкен адам ғана осы салаға жүрегі дауалап бара алады.

Біз бұл мақаламызда осындай қиын да қызықты тіл білімі атты іргелі ғылымды зерттеуге саналы түрде бет бұрып, бейнетін терең білімімен, ақыл-парасатымен, үздіксіз ізденісімен, қажымас ерік-жігерімен жеңіп, оқыту-ағартушылық міндетін абыроймен атқарып жүрген, елімізге белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының мерейтойы тұсында ой қозғағалы отырмыз. Қазақ тіл білімінің іргетасын нығайтуға, керегесін кеңейтіп, ілгері дамуына ат салысып жүрген ғалымның бүгінге дейінгі ғылымдағы жеткен жетістігі мен ұстаздық еңбегіне тоқталмақшымыз.

Табиғаты тамылжыған, төңірегіне таудан кереге тұтылған, алтын күн төбесіне төңкерілген, тұлпарлары кермеде тыпыршыған, ән-жыры бұлақтай ағылған, жасыл жайлауы жайқалған, Көлсайдай көлімен танылған, Жетісудың жерұйығы саналатын Кеген деген ауылда дүниеге келген қоңыр қыз асқар шыңдардың арасында армандап өсіп, таудай талабымен бойжетеді.

«Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, кейіпкеріміз ауылдан келіп, асқақ Алатаудың аясындағы Алматы шаһарындағы еліміздің маңдайалды университеті ҚазМУ-ге 1968 жылы оқуға түсіп, 1973 жылы үздік дипломмен бітіріп шығады. Содан бері міне ғылыми және педагогикалық мектептердің игі дәстүрлерін ұстанған, әл-Фарабидей әлемдік ғұламаның атын иеленген қасиетті білім ордасында қырық жылдан астам уақыт табан аудармай еңбек етіп келеді.

Университет бітірген соң жас маман тоқыраудың өліра кезеңіне тап келіп, бірден ғылымға келуге мүмкіндігі болмайды. Алайда ғылым деп соққан жүрегі тыныштық бермей алға жетелейді. Аз уақыттың ішінде ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының арқасында ғылымдағы өз орнын ойып тұрып алады. Оның дәлелі, 1993 жылы кандидаттығын, 1999 жылы докторлық еңбегін қорғайды. 1995 ж. доцент, 2001 ж. профессор атағын алады. Кафедра меңгерушісі, факультет деканы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы диссертациялық кеңестің орынбасары, ғалым хатшысы, мүшесі боп сайланады. 2007 жылы ҚР «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанса, 2010 жылы ҚР БЖҒМ «2010-2012 жж. ғылымға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған Мемлекеттік стипендиясын иеленеді.

Бірнеше мәрте ҚР БЖҒМ жариялаған конкурстық жобаларға (Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәлігі, 2011); ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурсының жеке тұлға ретінде жеңімпазы, 2012) жетекшілік жасайды.

Ғылымдағы ұстазы, академик Ә.Қайдардың «Қос дәрежелі, әрі кандидат, әрі доктор шәкірттеріміздің бірі – Гүлдархан Смағұлова кандидаттық пен докторлықты бас-аяғы 5-6 жылдың ішінде меңгеріп, екі жеп, биге шыққан өжет те алғыр шәкірт қыздарымның бірі» [1, 313] деген бағасын шәкіртінің осындай жетістіктеріне сүйсініп, риза болғандығынан берген деп білеміз. Академиктің бұл пікірді бекер айтпағандығын байқаймыз.

Қазақ тілін басқа тілдерден, өзге ұлттардан ерекше бөліп көрсететін тұрақты қолданыста жүретін фразеологизмдер деп аталатын сөз маржандары – ұлт тілінің байлығы болып саналады. Ғалым қазақтың бай тіліндегі осы бейнелі тіркестер тілдің бүкіл қызметі мен қарым-қатынас аясында көріне алса, сөз жоқ ұлт тілінің ұтқаны, бағының жанғаны деп қуанады. Біз де ғалымның бұл ойын өзінің де ұтқан тұсы, ғылымдағы зор табысы дер едік.

Фразеолог ғалымның «Ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің есепсіз тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі фразеологизмдерге жүгінген жөн. Халықпен бірге жасап келе жатқан эмоциялық мазмұны жоғары образды тіркестердің өміршеңдігін оның қолданысынан байқауға болады. ...Рухани құндылық қашанда сол ұлттың

## МАЗМҰНЫ

### ҚҰТТЫҚТАУ

<i>Мұтанов Ғ.М.</i> .....	3
<i>Кәлелқанұлы Н.</i> .....	4
<i>Қажыбек Е.З.</i> .....	5

### ТІЛ МАРЖАНЫН ТЕРГЕН ҒАЛЫМ

<i>Тымболова А.О.</i> Ұлттық тілдің жауһарларын ұлықтаған ғалым .....	6
<i>Оразбаева Ф.Ш.</i> Ғылым өрісіндегі ізденіс .....	9
<i>Исхан Б. Ж.</i> Профессор Г.Н. Смағұлованың қазақ фразеологизмдері жайындағы зерттеулері және оның тіл тарихын зерттеудегі орны мен рөлі .....	13
<i>Жилкубаева А.</i> Әмбебап ғалым, ұлағатты ұстаз, тәжірибелі әдіскер .....	16
<i>Қасым Б.</i> Бабалар сөзін түлеткен ғалым .....	18
<i>Әлкебаева Д.</i> Бейнелі сөз өрнектерін зерттеген ғалым.....	21
<i>Атабаева М.С.</i> Ғалым-ұстаз Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының дара жолы.....	23
<i>Қуркебаев К.К.</i> Ғалымдық пен ұстаздықтың егіз өмірі.....	26
<i>Саткенова Ж.</i> Профессор Г. Смағұлова және қазақ фразеологиясы .....	29
<i>Суатай С., Сағатбек Е.</i> Ғылымның қия жолында .....	30

### ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАСЫ

<i>Алдаш А.</i> Жаңа ұлттық жазу vs. емле мәселелері .....	33
<i>Жүнісбек Ә.</i> Емілеге қарайлап әліпби құрастырылмайды, әліпбиге қарап еміле құрастырылады.....	37
<i>Салқынбай А., Анарбекова Ұ.</i> Ақымет ілімі және қазіргі латын әліпбиі.....	44
<i>Muratbek B.</i> Latyn negızdı qazaq lpbnn ( szderdi birge ne blek jaz ) mseleleri.....	49
<i>Saduakas N., Mulkamanova A.</i> Latin script in kazakh writing .....	52

### ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҮРКІТАНУДЫҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Sadikov T.</i> Trk tilderinin qirgz tobundađ Cndmlrdn tektesirme konteksti .....	56
<i>Худайберганаева Д.</i> zbek тили илмий услуби тарақќитида лингвокультурологик тадќикотларнинг рни.....	60
<i>Акимова А.</i> «Русско-якутский словарь учебных терминов» (из опыта терминографического анализа).....	62
<i>Васильев В.</i> Тюркские термины в сакральной лексике саха: реконструкция ритуалов охотников и скотоводов .....	67
<i>Васильева Н.</i> О семантических синонимах языка саха .....	71
<i>Монастырев В.</i> Семантические и морфологические особенности образных глаголов в якутском языке (на материале большого толкового словаря якутского языка) .....	75
<i>Нурмхммтова Р.</i> Татар топонимиясенд глоттоник лексиканың кулланылышы .....	78
<i>Сиразитдинов З., Ишмухаметова А.</i> Башкирская лексикография в электронных ресурсах.....	81
<i>Шайхисламова З.</i> Башкорт теле дрестренд диалектологик нзлектрзе файзаланыу (использование диалектологических словарей на уроках башкирского языка) .....	90
<i>Атласова М., Кынатова Ю.</i> Трбт трт тыл – сайдыы суола .....	93
<i>Асмондяров В.</i> Когнитологические подходы в анализе башкирской диалектной лексики в контексте языкового союза урало-поволжья и казахстана.....	96
<i>Аммосова И.</i> О «русско-якутском термино-орфографическом словаре» П.А.Ойунского .....	98
<i>Ahmedova N.</i> Tafakkurdađ obrazlilik va voqelik .....	102